

05.01.2021ж.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2020 жылдың 4 тоқсандағы инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-не *(бұдан әрі- Компания)* тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметі бойынша 2020 жылға инвестициялық бағдарлама 14096,0 мың теңге көлемінде бекітілген *(жылдық көрсеткіштер, тоқсанға инвест. бағдарлама бекітілмеген)*, оның ішінде 630,0 мың теңге *(тоқсанға есептегенде 157,5 мың теңге)* бекітілген тарифтік сметадағы амортизация есебінен көзделген, пайда тарифтік сметада қарастырылмаған, 13446,0 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің өзге қызмет қаражаты есебінен жасалынуы жоспарланған.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің аумағындағы ГТЖ-4-ден (газ тарату желілері) бастап ұзындығы 600м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған.

2020 жылғы 4-тоқсанында инвестициялық міндеттемелер: тарату пунктiнiң шкафын орнату 170,0 мың теңге сомаға орындалған.